



Сыр бойы

№125 (21001) 19 тамыз, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының төрағасы Танзила Нарбаеваны қабылдады. Кездесу барысында қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарының өзекті мәселелері парламентаралық байланыстарды дамыту тұрғысынан талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Танзила Нарбаеваға ілтипат білдіріп, оның Астанаға сапары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың айрықша сипатта өрбіп келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы қос халық арасындағы достық, тату көршілік байланыстарды нығайтуға Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенаты төрағасының қосқан үлесін жоғары бағалады.

– Сіздің сапарыңыз елдеріміздің арасындағы достық қатынастарды нығайту тұрғысынан өте маңызды. Біз бауырлас Өзбек елімен ынтымақтастығымызды дамытуға ерекше мән береміз. Мұны Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауда өте маңызды фактор деп санаймыз. Екі елдің ықпалдастығы неғұрлым тығыз әрі табысты өрбіген сайын, жалпы өңірдегі жағдай да тыныш болады. Сіздің сапарыңыз парламентаралық байланысты кеңейту үшін шын мәнінде маңызды рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Танзила Нарбаева қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, Президент Шавкат Мирзиёевтің сәлемін жеткізді.

– Президентіміз Сізге ыстық

ықыласын жолдап, алға қойған міндеттердің сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді. Қол жеткізілген уағдаластықтардың бәрі жеке бақылауында екенін айтты. Біз – Президенттің бүкіл командасы, соның ішінде Парламент оны іске асырып, нақты нәтижеге қол жеткізу үшін аянбай еңбек етеміз. Өзіңіз айтқандай, Өзбекстан мен Қазақстан – бір-біріне ең жақын әрі сенімді серіктестер, – деді Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының спикері.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Танзила Нарбаева парламентаралық дипломатияны, сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға айрықша мән берілді.

Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдаланып, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке жылы лебізін жолдады.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты стратегиялық серіктестікті тереңдетуге сіңірген еңбегі үшін Танзила Нарбаеваны ІІ дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов және Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловты қабылдады. Президентке аталған өңірлердің биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен аймақтарды өркендету перспективасы жөнінде баяндалды.



Жалағаш ауданы Т.Жүргенов ауылындағы «Ер-Әлі» ЖШС Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылып, бүгінде тірлігін жүйелі жолға қойған. Ауыл шаруашылығы саласында тәжірибесі мол. Ең әуелі егістік жерді агротехникалық талаптарға сай өңдеп, заманауи техникалар мен технологияны іске қосудың нәтижесінде жылдан жылға өнім көлемі артып келеді. Айталық, өткен жылы шаруашылықта орташа өнім 92 центнерден шықты.

ЕҢБЕГІН ЕЛ ТАНЫҒАН «ЕР-ӘЛІ»

Был «Ер-Әлі» шаруашылығы бойынша 1700 гектарға «Каурис», «Маршал», «Премимум», «Айсұлу», «Виконт» күріш сорттары егіліп, күтімге алынған. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының мал азығы үшін 546 гектар жоңышқа егілген. Айтып өткеніміздей, күріш егуде заман талабына сай озық құрылғылар пайдаланылады. Мысалы, егістікте «Рубикон» су өлшеу құрылғысы орнатылған. Оның пайдасы, шаруашылық тек өзі пайдаланған суға ғана ақы төлейді, артық шығындалмайды.

Серіктестіктегі бау-бақша көлемі – 12 гектар, онда картоп, сәбіз, қауын-қарбыз сияқты көкөністер егілген. Бақшалық толықтай тамшылатып суару арқылы өсіріледі. Өйткені қазір облыс аумағында егінге судың тапшы екені жасырын емес, сондықтан тамшылатып суарудың тиімділігі – біріншіден, суды үнемдесе, екіншіден, арамшөп өсуіне жол бермейді.

«Ер-Әлі» серіктестігінің негізін қалаушы әрі төрағасы Әліби Бекжанов осы ауылдың перзенті. Ол жастайынан егін-терім жұмыстарына ерекше қызығушылық танытып, бертін келе осы салада бағын сынап көрді. Иә, ықылас қойып жақындай түссе, Жер-Ана да жарылқайды екен. Бүгінде ол шаруашылық жұмысын жүйеге қойып, бір емес, бірнеше кәсіпті қатар үйлестіріп отыр. Көп жылғы ізденіс пен тәжірибенің нәтижесінде егіннің де, бау-бақшаның да өнімділігі арта түскен. Сонымен қатар, бұған дейін Ә.Бекжанов аудандық мәслихат депутаты болып, аталған саладағы түйткілді мәселелердің шешілуіне атсалысты.

2-бет



/// ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРС

«СЫР СҰЛУЫ»: ЖАҢА СОРТҚА ОРАҚ ТҮСТІ



Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты өз зерттеу алқабында күріштің отандық жаңа «Сыр сұлуы» сортына алғашқы орақ салды.

Нәтиже көңіл қуантарлық – күріштің вегетациялық кезеңі қысқа (105-110 күн), жармасының шығымы жоғары (60-62%), 1000 дәnnің салмағы 35-37 грамм және барлық агротехникалық шаралар дұрыс жүргізілген жағдайда гектарына 80-85 центнерге дейін өнім алуға болады. Вегетациялық кезеңінің қысқа болуына байланысты күріштің басқа сорттарына қарағанда суды аз қажет етеді.

«Сыр сұлуы» – жергілікті климатқа, топырақтың тұздылығына төзімді, дәмдік және сапалық қасиеттері шетелдік үздік сорттардан кем түспейтін жаңа буын күріші.

Институт мамандары бұл сортты шаруашылықтарға кеңінен таратып, тұқымын көбейту үшін жұмыс жүргізуде.

«СБ» ақпарат

ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК АЛАДЫ

Өңірімізде 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өтіп жатыр.

Облыстық білім басқармасының хабарлауынша, биыл 40 мыңға жуық балаға міндетті оқу қоры арқылы бірреттік қаржылай көмек беру жоспарланған. 46 мың теңгеден асатын қаржылай көмекті 15 тамызға дейін 36265 бала алды.

Бірреттік көмек бес топқа – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шама-сынан төмен, төтенше жағдай салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан, отбасы-ларда тұратын жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбие-

ленушілердің өзге де санаттарына тиесілі. Оны әртүрлі себеппен ала алмаған әлеуметтік осал топтағы отбасылардың балалары «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында демеушілер тарапынан қамтамасыз етіледі.

Акция барысында демеушілердің қолдауымен 228 оқушы оқу формасымен, 117 оқушы аяқ киіммен, 489 оқушы оқу құралдарымен, 343 оқушы қаржылай көмекпен қамтамасыз етілді. 5-31 тамыз аралығында қала мен аудандарда мектеп формаларының жәрменкесін өткізу жоспарланды. Онда жергілікті кәсіпкерлер жаңа оқу жылына қажет киім, құрал-жабдықтарды арзан бағамен ұсынады.

Назирке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»: ҰЛТТЫҚ ЖОБА СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев төрағалық еткен жиында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы және құрылыс саласында атқарылған жұмыстар сараланды. Басқосуға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, жауапты сала басшылары, қала және аудан әкімдері мен құрылыс компанияларының басшылары қатысты.

Аймақ басшысы ауқымды жобаларды жүзеге асыру барысында сапаға баса мән беруді тапсырды.

– Жаңадан пайдалануға берілетін нысандардың өңіріміз үшін маңызы зор. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы мектептердің, 11 мың орындық жаңа стадион мен тұрғын үйлер құрылысының сапасы мен табысталу мерзіміне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Құрал-жабдыктары, жан-жағының абаттандырылуы толық дайын болуы керек, – деді облыс әкімі.



«Келешек мектептері» ұлттық жобасымен облысымызда 10 мектеп салынып, пайдалануға берілуде. Осыған дейін 6 мектеп іске қосылған. Қалған 4 мектептің 3-еуі (Қызылорда қаласы «Арай» ш/а 1500 орындық, «Қызылжарма» ш/а 600 орындық және Арал ауданы «Сексеуіл» кентіндегі 300 орындық мектептер) жаңа оқу жылына дейін, тағы 1 мектеп (Қызылорда қаласы СПМК-70 ш/а 1500 орындық мектеп) екінші тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Жас ұрпақтың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыруда бірқатар жұмыс атқарылуда.

Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд 800 млн теңге болатын 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. Облыстық бюджеттен бөлінген 5 млрд 700 млн теңге қаржыға 9 мектепке 2 900 орындық қосымша ғимарат салынды. Нәтижесінде үш ауысымдық мектеп мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

«СБ» ақпарат

МЕРКІ АУДАНЫНЫҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ



Жамбыл облысы Меркі ауданының делегациясы Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті. Кездесуге жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі өңіраралық байланыстарды арттыруға әрдайым дайын екенін жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге тоқталды.

– 17-19 шілде күндері облысымызға Жамбыл облысы әкімінің орынбасарлары бастаған арнайы делегация келіп, атқарылған жұмыстармен кеңінен танысқан болатын. Бүгін екіжақты байланыстардың жалғасы ретінде Меркі ауданынан келген әріптестерімізбен кездесіп отырмыз.

Біз үшін ауыл, мал шаруашылығы, кәсіпкерлік пен туризм салаларында әріптестік орнатуға мүмкіндік мол. Дақылдарды егу, ет өнімдерін өндіру бағытында да бірлесіп жұмыс жасауға болады.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Президент пен Үкіметтің ерекше

қолдауымен қарқынды дамуда. Облыс бюджеті 2022 жылы 364 млн теңге болса, қазіргі таңда 823 млрд теңгеден асты. 226 пайызға өсім қалыптасты. Бұл қаражат аймақтың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Биыл 96 жобаның құрылысына бюджеттен барлығы 166 млрд 800 млн теңге қаржы бөлініп, 2022 жылмен салыстырғанда 8 есеге артты. Нәтижесінде құрылыс жұмыстарының көрсеткіші бойынша өңіріміз республикада үздіктер қатарында келеді, – деді облыс әкімі.

Басқосуда Меркі ауданының әкімі Ербол Жиенқұлов көрсетілген құрметке ризашылық білдіріп, бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенін жеткізді.

«ӨЛКЕНІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚЫЗЫҚТЫРМАЙ ҚОЙМАЙДЫ»

Меркі ауданының делегациясы қала әкімі Нұржан Ахатовпен бірге бірқатар әлеуметтік, мәдени және спорттық нысандарға барды.

Сапар «Сыр жұлдыздары» инновациялық-шығармашылық академиясынан басталды. Жолай «Президент саябағын» жаңғырту жұмыстары, «Отбасы орталығы», «Достық үйі» ғимараты, «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы және «Өнер орталығы» таныстырылды. Делегация мүшелері қаланың заманауи келбеті мен инфрақұрылымдық жетістіктеріне жоғары баға беріп, оң пікір білдірді.

Қайта жаңғыртудан өткен орталық алаңға барар жолда меймандар «Анаға тағзым» орталығына аялдады. Алаңдағы жаңа сәулеттік шешімдер, жарықтандыру жүйесі және кеңейтілген демалыс аймақтары қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Бұдан кейін жаңартқан қалалық мәдениет және демалыс паркіне барып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге жасалған мүмкіндіктермен танысты.



Делегация Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылын кеңейту жұмыстарын және 11 мың орындық жаңа стадион құрылысын көрді. Қонақтар спорт инфрақұрылымының ауқымдылығы мен сәулеттік үйлесімін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ жаңа автовокзал, «Қан орталығы» мен физика-математика бағытындағы лицей-интернаты, өңірдің білім беру және денсаулық сақтау салала-

рын дамытудағы жаңа бетбұрысын көрсететінін қонақтар ерекше атап өтті.

Сапар соңында облыстық тарихи-өлкетану музейіне барып, Сыр өңірінің бай тарихы мен мәдени мұраларына қанықты. Сондай-ақ «Оқушылар сарайы», «Теннис орталығы», музыкалық колледж ғимараты және дене-шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы таныстырылды. Музей экспозицияларынан өңірдің өткені мен бүгінгі жайлы мол мағлұмат алды.

Сонымен қатар, делегация Сырдария ауданына қарасты Бесарық ауылындағы байыпты бастамаларды көрді. Аудан әкімі Берік Сәрменбаев делегация мүшелерін ауылдың әлеуметтік-экономикалық және мәдени нысандарымен таныстырып, жүзеге асқан жобалар туралы баяндады.

Меркіліктер Нағи Илиясов ауылында да қонақ болды. Мұнда олар ауылдың даму үлгісімен және табысты бастамалармен танысты.

«СБ» ақпарат



Суреттерді түсірген: Нұрболан НУРЖАНБАЙ

ЕҢБЕГІН ЕЛ ТАНЫҒАН «ЕР-ӘЛІ»



– Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде әлі де күрмеулі мәселелер бар. Соның ішінде ең өзектісі – су пайдалануға қатысты. Есепсіз суда өнім болмайды. Сондықтан күрішке берілетін суды автоматтандырып есепке алу – егін мен жердің мәдениетін реттейтін бірінші құрал, – дейді серіктестік төрағасы. Сонымен қатар, ауыспалы егін тәртібін сақтаудың тиімділігін алға тартады. Осындай сауалдар бойынша ол

Үкімет отырысында мәселе көтеріп, ұсыныстарын жеткізді.

«Ер-Әлі» шаруашылығында 100-ден аса адам еңбек етеді. Серіктестік төрағасы жыл сайын егінші-механизаторлардың еңбегін лайықты бағалап, әлеуметтік қолдау танытып отырады. Мысалы, біріне – тұрғын үй, біріне автокөлік, біріне қаржылай көмегін береді. Бұдан бөлек, Аққыр, Жанаталап, Т.Жүргенов ауылдары бойынша шаруашылықта еңбек ететін жұмысшылар мен үлескерлердің

үздік және екпінді оқитын балаларына шәкіртақы беріп, олардың оқу-білімге деген ынтасын арттыруға айрықша көңіл бөледі.

«Ер-Әлі» ЖШС-нан бастау алған «Құрманбай ата» шаруа қожалығы 2018 жылы 5 гектар жерге алма бағын өсірген еді. Қазір бақта «Голден Делишес», «Джонатан», «Ренет Симиренко» алма сорттары өсіріліп, өткен жылы 80 тонна өнім алынды.

Бақ іші тап-тұйнақтай, бейберекет өскен бір тал шөп байқалмайды. Бұл қалай десек, шаруашылықтың асырап отырған қаздары күні бойы бақ ішін аралап, арамшөптерден арылтады екен. «Қаз тойғанына емес, қиғанына семіреді» дейтіні осы екен. Алма бақты аралап көргенде, ол сөздің

шындығына көзіміз жеткендей болды. Олар үшін арнайы көл де бар. Қазақ әдебиетінде «қаздай тізіліп» деген де сипаттама сөз тіркесі бар ғой. Расында, қаздардың қатар-қатар тізіліп келіп, көлге құлаған көрінісі тіпті керемет!

Жасыратыны жоқ, сырттан тасымалданатын жеміс-жидекті өз жерімізде өсірілген табиғи өніммен салыстыруға келмейді. Сондықтан «Құрманбай ата» бағында өсірілген алманың қай түріне де сұраныс жоғары. Тіпті күзге қарай тұрғындар алманы жәшіктеп алады. Өйткені бұл алма қысқа дейін сақтауға шыдамды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, биыл шаруа қожалығы 300 бас қаз асырауды қолға алды. Себебі бақта оларға қажетті шөбі, суы бар. Жаздай

өсіріп, қыста ет бағытында пайдаға жаратады. Бұдан бөлек, аумағы 12 гектар көлде сазан, ак балық, карас, судак, жыланбалық өсіріледі. Айта кетейік, алғашқы құрылған 2021 жылдан бері көлге 2 млн-нан астам шабақ жіберілген.

Иә, ауыл шаруашылығы – тек адам баласы ғана емес, қайсыбір тіршілік иесі үшін де аса маңызды әрі қажетті сала. Айталық, Ә.Бекжанов сынды тәжірибелі мамандар арқылы бұл салада дәстүрлі бағыттан бөлек, жаңа технологияны пайдаланудың да артықшылықтары айқындалып келеді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ-нің суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу бағыттарындағы жұмыстары



Дүние жүзіндегі жер қорының жалпы ауданы шамамен 13,50 млрд гектарды құрайды, оның 4,8 млрд гектары халықты азық-түлікпен, шикізатпен, табиғат базаларын құрайтын ауыл шаруашылығы алқаптарынан тұрады. Әлемдегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің шамамен 0,831 млрд гектары тұзданған, 0,397 млрд. гектары сортаңданған болып есептеледі.

Қазақстан Республикасында 2,3 млн га жуық егіншілікке жарамды суармалы жер болса, оның 0,8 млн га жуығы нақты суармалы су жетіспеушілігі салдарынан пайдаланылмауда және пайдаланылмай жатқан суармалы жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тартудың түрлі әдіс-тәсілдері қолданылуда.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің құрамындағы «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ, Бюджеттік бағдарлама 254 – «Су ресурстарын тиімді басқару» және 108 кіші бағдарлама – «Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау» бағдарламалары аясында қызмет атқарады.

- Мемлекеттік мекеме мақсатқа кол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады.**
- 1) Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйіне мониторинг пен бағалау жүргізу жөнінде нормативтік және әдістемелік құжаттама әзірлеу;
 - 2) Гидрогеологиялық-мелиоративтік жұмыстар жүргізу кезінде үйлестіріп отыру және ғылыми-әдістемелік жетекшілік ету;
 - 3) Мелиоративтік зерттеп-қарау, суармалы жерлердің бары-жоғы мен пайдаланылуына мониторинг жүргізу;
 - 4) Суармалы жерлерде ыза сулардың деңгейлік-тұздылық режиміне гидрогеологиялық байқаулар ұйымдастыру және жүргізу;
 - 5) Суармалы жерлерде топырақ-мелиоративтік іздегіртү мен зерттеп-қарау жүргізу;
 - 6) Коллекторлы-кәріздеу суларының ағысын анықтау және суаратын және коллекторлы-кәріздеу сулар химизмін байқау;
 - 7) Бұрғылауды және байқаушы ұнғымалардың мемлекеттік желісін жабдықтауды, топографиялық-геодезиялық, зертханалық және басқа да зерттеулер мен іздегірту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
 - 8) Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау және оларды жақсарту жөнінде ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірлеу;
 - 9) Ыза суларының деңгейіне гидрорежимдік бақылау жүргізу;
 - 10) Жерүсті және жерасты суларына ирригациялық бағалау жүргізу және оларды суару үшін пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Суармалы жерлердің көлемдерін анықтау, оның ішінде: Қызылорда облысы **268,7** мың га, Ақтөбе облысы **33,1** мың га, Батыс Қазақстан облысы **60,8** мың га, Атырау облысы **21,5** мың га және Маңғыстау облысы **1,9** мың га-ны құрайтын суармалы жерлерінде агромелиорациялық зерттеу жұмыстарын орындайды. Суармалы жерлердің нақты ауданы форма **22а** нысанындағы статистикалық есептік бойынша белгіленеді. (Кесте-1).

«ҚТМЭ» РММ 2025 жылғы қызмет ету аймағындағы мониторингпен қамтылған жалпы суармалы жер ауданы **386,2** мың га-ны құрайды.

«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ-нің қызмет ету аймағында суармалы жерлердің есепшілігі (статистикалық есеп деректері бойынша форма 22а нысаны)

№ Р/с	Облыстар мен нысандардың атауы	Суармалы жер ауданы, га
1	Қызылорда облысы	268,701
1.1	Оның ішінде ИДЖЖ-1 2 бойынша	
	Жалағаш ауданы, а/о Аққұм КХ «Бақдаулет»	1034
	Жалағаш ауданы, а/о Аққұм	2273,89
	Жалағаш ауданы, а/о Бұхарбай батыр	6036,85
	Жалағаш ауданы, а/о Таң	3760,66
	Жалағаш ауданы, а/о Мәдениет	3051,60
2	Батыс Қазақстан облысы	60816,5
2.1	Оның ішінде ИДЖЖ-1 бойынша	
	Теректі ауданы КХ «Балакирова»	565
	Теректі ауданы ТОО «Жайна»	622
	Байтерек ауданы ТОО «Гепард-Агро»	991
3	Ақтөбе облысы	33176
4	Атырау облысы	21599,4
5	Маңғыстау облысы	1900
Барлығы		386192,9



2025 жылғы атқаратын жұмыстардың түрлері мен көлемдері.

1. Жерасты суларының деңгейін өлшеу суармалы алқапта орналасқан «ҚТМЭ» РММ теңгеріміндегі **890** дана бақылау ұнғымалары арқылы жүргізіледі, барлық бақылау ұнғымалары күрші жүйелерінде орналасқан, өлшеу қантардан сәуірге дейін және қазаннан желтоқсанға дейін – 1 рет, вегетациялық кезеңде мамырдан қыркүйекке дейін – 3 рет, 890 дана бақылау ұнғыма арқылы жүргізіледі * 7 ай * айына 1 рет = **6230** өлшеу, 890 ұнғыма * 5 ай * 3 рет = **13350** өлшеу.

«ҚТМЭ» РММ бойынша 2025 жылы жерасты суларын өлшеу (ЖСД өлшеу) - 19580 рет жүргізіледі.

2. Жерасты суларын зертханалық зерттеу.

Бақылау ұнғымаларынан жерасты суларының хлор органикалық пестицидтермен, гербицидтермен, тыңайтқыштармен, коллектор-дренаж сулармен, ауыр металдармен және мұнай өнімдерімен ластануын зерттеуге сынамалар алынады. Ұнғымалардан су сынамалары жылына екі рет вегетация кезеңіне

дейін және вегетациялық кезеңдерден кейін алынады. Бақылау ұнғымаларынан жерасты суларын қысқартылған химиялық талдау жүргізіледі. Сынамалар алынатын ұнғымалардың жалпы саны – **890** дана.

Сынамалар жылына екі рет алынады: 890 ұнғыма * 2 рет = 1780 сынама.

3. Суармалы массивтердегі бақылау ұнғымаларын ағымдық жөндеу жұмыстары.

Бақылау ұнғымаларын күтіп-ұстау мен ағымдық жөндеу жұмыстары. Жыл сайынғы көктемгі егіс жұмыстарын орындау, агротехникалық шаралардың дайындығы мен күзгі егін жинау науқандарында және бақылау ұнғымаларының амортизациялық мерзімдерінің толық өтеуі, сонымен қатар антропогендік факторлардың әсерінен бақылау ұнғымаларының 15-20%-ы сәт сайын қолданыстан шығып отырады. Осы мақсатта ұнғымалардың конструктивтік элементтерін ауыстыруды, қорғаныс және қоршау құрылғыларын жөндеу мен жаңартуды, сырлауды, ұнғыма маңындағы алаңды шөптерден тазартуды және басқа да жұмыстарды қамтитын бақылау ұнғымаларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделеді. Бұл ретте материалдардың ағымдағы жөндеуі мен шығындарының түрлері мен көлемі «Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдалану шығындары үшін материалдар шығыстарының заттай нормаларында» регламенттелген.

«ҚТМЭ» РММ 2025 жылы **165** дана бақылау ұнғымаларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда, оның ішінде: Қармақшы ауданында –18 дана, Қазалы ауданында – 59 дана, Сырдария ауданында – 88 дана, егін науқанына дейін **84** дана және науқаннан кейін **81** дана.

4. Коллекторлық-дренаждық сулардың ағынын гидрологиялық бақылау.

Суармалы жерлердегі коллекторлық-дренаждық сулардың ағынын гидрологиялық бақылау суару жүйелерінің коллекторлық-дренаждық желісінде жабдықталған тұрақты және уақытша гидрометриялық бекеттер арқылы жүргізіледі. Массивтерде орналасқан коллектор су ағындарының шығыстарын өлшеу мамыр және қыркүйек айларында жүргізіледі. Су шығындарын өлшеу мамыр-қыркүйек айларында айына – 3 рет орындалады. ИДЖЖЖ нысандарында мамыр айында 1 рет, маусым-қыркүйек айларында 2 рет, маусым-тамыз айларында 3 рет және қыркүйекте 2 рет жүргізіледі.

Гидрологиялық бақылаулар 40 гидрометриялық бекет бойынша жүзеге асырылады: 40 бекет *16 өлшем= 640.

5. Топырақ, тұзды-түсірші жұмыстары.

Агро-мелиоративтік және барлау зерттеулерінің нәтижелері бойынша мелиорациялық-қолайсыз жерлер анықталады. Тұздылықтың көрінісіне, жердің күрделілік санатна және басқа факторлар мен жағдайларға байланысты топырақ-мелиорациялық жұмыстар жүргізіледі. Олар тұзды жерлердің кеңістіктік шекараларын анықтау мақсатында Мелиоративтік-қолайсыз жерлерді топырақ-тұзды түсіруді қамтиды. Топырақ-мелиорациялық жұмыстарды орындау барысында топырақ шұрдыртқы тереңдігі 1,0 м дейінгі тереңдікте арнайы құрылғымен қолмен бұрғылайды, бұл ретте тұз құрамын анықтау үшін қабаттық үлгілер (іріктеу аралығы 0-30, 30-70, 70-100 см) іріктеледі. Түсірілім масштабы 1:10 000-нан кем емес.

2025 жылы топырақ-тұзды түсірудің жоспарланған аудан 16000 га-ны құрайды, оның ішінде: Қызылорда облысы бойынша 14000 мың га, «ИДЖЖ»-1 Аққұм ауылында 1000 мың га, кеңейтілген қызмет ету Қазақстанның батыс аймақтары бойынша 1000 мың га.

Зертханалық жұмыстар.

Қысқартылған химиялық талдауға зертханалық зерттеулер бақылау ұнғымаларынан алынған су үлгілеріне, суару және коллекторлық-дренаждық арналардан алынған су сынамаларына, сондай-ақ топырақ-тұзды түсіру кезінде топырақ үлгілерінен алынған топырақ сынамалары бойынша жүргізіледі. Мекенінің зертханасында карбонат, бикарбонат, сульфат, кальций, магний, натрий, анниондар мен катиондардың қосындысын және сүетгі көрсеткішін, жалпы қаттылықты, сілтілікті және минералдануды анықтауды қамтитын қысқартылған химиялық су, топырақ талдауы жүргізіледі, бұл зерттеулер «ҚТМЭ» РММ-ның өз зертханасында орындалады. Сондай-ақ «ИДЖЖ-1» және 2 нысандарынан сонымен Қазақстанның батыс аймақтарынан іріктелген сынамалар бойынша жерасты, суару, коллекторлық-дренаждық сулардың ауыр металдармен, мұнай өнімдерімен және хлороорганикалық пестицидтермен ластануларын зерттеу аккредиттелген сертификаты бар үшінші тарап зертханалары арқылы жүргізіледі.

Жерасты сулары:

1) Жерасты суларынан қысқартылған химиялық талдауға арналған сынамалар жылына екі рет алынады: **890** «ҚТМЭ» РММ. *2 рет=**1780** үлгі.

2) Суару және коллекторлық-дренаждық сулар:

Қысқартылған химиялық талдауға арналған суару және коллекторлық-дренаждық сулардан сынамалар жылына төрт рет массивтерде және жана облыстарда іріктеледі: суару арналарынан жылына төрт рет: **39*4=156** сынама, коллекторлардан жылына төрт рет: **48*4=192** сынама.

Суару каналдарынан және коллектор-дренаж суларын зертханалық зерттеу 2025 жылы барлығы **348** дана сынама.

Топырақ-мелиоративтік жұмыстар.

3) Топырақтың тұздылық талдауы. Сынама алу нүктелерінің жалпы саны 1100 дана. Қосымша, кеңейтілген Қазақстанның батыс аймақтары бойынша өзгерістерге ұшырайды * 3 интервал = **3313** сынама.

Жалпы зертханалық жұмыстар 2025 жылы «ҚМГМЭ» РММ-да **5441** сынама жүргізіледі.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ-нің, 2024 жылғы жағдай бойынша, қызмет ету алаңындағы суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайлары

Облыс атауы	Жылы	Суармалы жерлердің көлемі	Оның ішінде мелиорациялық жағдай бойынша			
			Оның ішінде топырақтың тұздануы бойынша			
			Тұздан-баған	Аздап тұзданған	Тұздан-ған	Отте қатты тұзданған
1	Қызылорда	2024	268,701	-	91,521	8,544
2	Ақтөбе	2024	33,2	127,201	41,435	8,544
3	Атырау	2024	21,6	-	-	-
4	Маңғыстау	2024	1,9	-	-	-
5	Батыс Қазақстан	2024	60,8	60,8	-	-
Барлығы	2024	386,2	94	150,701	91,521	41,435



«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ мамандарының суармалы жерлерді жақсарту жөніндегі ұсынымдары.

- Қашыртық-дренаж жүйелерін бетонды негізбен жабдықтау;
- Тік қашыртық ұнғымаларды қалпына келтіру, іске қосу;
- Үйіме каналдардан келетін филтрациялық судың көптігі, оларды бетонмен қаптау, жабық дренаждық құрылғылар орнату;
- Қолда бар су ресурстарын тиімді пайдалану, заманауи су есептегіш құрылғылар мен автоматтандырылған су үнемдегіш технологияларды күрші ауыспалы егісіне енгізу;
- Егістік атыздарының тегіс болмауы, лазерлік мара агрегаттарын пайдалану арқылы атыздарды +, - 3-5 см деңгейіне келтіру;
- Гидротехникалық құрылыс нысандарының тозуы, жаңадан орнату;
- Суармалы жерлердің топырақ құнарлылығы және балл бонитеті төмендеу, өңірдің басты күрші дақылдың экономикалық тұрғыда кем түспейтін өртаптапандыру дақылдарын ғылыми негіздеп, ауыспалы егіс жүйесіне енгізу, үлес салмағын арттыру;
- Ауыспалы егіс жүйесінің сақталуын, қатаң бақылауда ұстау.

«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ басшысы: Мүсіреп Азамат Пазылбекұлы



Қауіпсіздік бәрінен қымбат

Қала әкімдігі жанынан құрылған мобильді топ тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында ойын-сауық орталықтарында тексеріс жұмыстарын жалғастыруда.

Тексеру барысында кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілісіз қоғамдық орындарда жүру фактілеріне, санитариялық талаптардың орындалуына және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына ерекше назар аударылуда. Мобильді топ мүшелері тиісті заң талаптарын түсіндіріп, құқықбұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік шара қолданады.

Жәрмеңке өтті

Қызылорда қаласындағы Қазыбек би көшесі, «Шанхай» шағын ауданындағы өткел маңында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеде Арал ауданынан 63 тоннаға жуық өнім нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмен сатылымға қойылды. 3,6 тонна ет өнімдері, 210 литр шұбат, 20 бас тірі қой, 6 тонна мұздатылған, 50 дана ысталған балық, 55 кг құрт-ірімшік, 50 тонна көкөніс және 3 тонна ас тұзы сатылды.

Тәжірибе алмасты

Аудан делегациясы тәжірибе алмасу үшін Түркістан облысының Отырар ауданында іссапарда болды. Делегация мүшелері «Таймас-2024» шаруа қожалығының егін егу жұмыстарымен танысты.

Аталған қожалық заманауи әдістерді қолдану арқылы ауыл шаруашылығы саласында жаңа жетістіктерге қол жеткізуде. Нақтырақ айтқанда, 60 гектар күріш, 2600 гектар макта алқабын тамшылатып суару технологиясымен өсіруде. Бұл тәсіл – су үнемдеудің тиімді құралы. Себебі тамшылатып суару жүйесі өсімдіктің тамырына қажетті мөлшерде ылғал жеткізіп, артық шығынды болдырмайды. Сонымен қатар өнімділікті арттырып, жердің құнарлығын сақтауға мүмкіндік береді.

Азаматтардың жеке өтініштері тыңдалды

Аудан әкімі Жандос Еркінбек аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Азаматтар мемлекет тарапынан тұрғын үй алуға байланысты, жұмыссыздық және түрлі әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерін жеткізді. Қабылдау барысында аудан басшысы әрбір тұрғынның жеке мәселесін тыңдап, біртарапына заңдылыққа сәйкес жауап берді.

Жаңа спорт кешені пайдалануға берілді

«Аққыр» ауылдық округінде заманауи спорт кешенінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жаңа нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен бірге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының жобалау менеджері Ұланбек Нұрманов арнайы қатысып, тұрғындар қуанышын бөлісті.

2024 жылы облыс әкімінің қолдауымен және «Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен басталған құрылыс жұмысын «АИРС-ТройМонтаж» ЖШС жүргізді.

Тігін шеберханасының жұмысымен танысты

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кентіндегі «Әдемі» тігін шеберханасының жұмысымен танысты.

Мектеп формасын тігу, құрақ құрау және басқа да көптеген қызмет көрсететін тігін цехы 2014 жылы жұмысын бастаған. Кәсіпкер Нұрсұлу Ажарова «Ақниет» бағдарламасымен грант және «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасымен 3 млн теңге несие алып, кәсібін дөңгелентуде.

Айта кету керек, биыл Алматы қаласында «Аламан құрақ» ұлттық құрақшылар қауымдастығының ұйымдастыруымен еліміздің 20 өңірінен келген 660 тігінші бір мезетте 1366,8 шаршы метрге 660 дана құрақ көрмесін тікті. Дүниежүзілік рекордтар кітабы саналатын «GLOBAL BOOK OF RECORDS GBR» және халықаралық рекордтар тіркеу қызметі агенттігінің сүйемелдеуімен қазақ құрақшылары әлемдік рекорд орнатты, оның қатарында болған Нұрсұлу арнайы сертификатпен марапатталды. Сондай-ақ жеке кәсіпкер 2022 жылы «Жыл үздігі» атанған.

Жарық жүйесіндегі жаңғырту

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков жақында толық жаңғыртудан өткен 220/110/35/10 кВ «Шиелі» қосалқы станциясының жұмысымен танысып, сала мамандарымен кездесті.

Жаңғырту жұмыстары аясында орнатылған негізгі құрал-жабдықтар Германиядан әкелінген. Бұл өз кезегінде станцияның жұмыс сапасын арттырып, электрмен қамтамасыз етуді едәуір жақсарттады.

Сала мамандарын құттықтады

Аудан әкімі Мажит Самитов Құрылысшы күні және Мемлекеттік кірістер органдарының құрылған күніне орай сала мамандары мен ардагерлерін қабылдады.

Салтанатты жиында мереке иелеріне ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хаттары, «Қызмет» мемлекеттік органдардың, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподақтарының «Еңбек озаты» медалі табысталды.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Жоба

Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 26-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және «Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушы 2025 жылғы 11 шілдедегі № 171-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 36443 болып тіркелген) сәйкес, Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

- Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидалары бекітілсін.
- Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуга тыйым салынған жерлер белгіленсін.
- Осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес кейбір шешімдердің күші жойылды деп танылсын.
- Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

М. Тлеумбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2025 жылғы «__» _____
№__ шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

- Осы Қызылорда облысының ортақ су пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидалары негізінде Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 11 шілдедегі №171-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №36443 болып тіркелген) және жеке тұлғалардың өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қызылорда облысының аумағында ортақ су пайдалану объектілерінде ортақ су пайдалануды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.
- Ортақ су пайдалануды жеке тұлғалар рекреацияға, туризмге, әуесқойлық (спорттық) балық аулауға және шаруашылық немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес бос уақыттың өзге де нысандарына, сондай-ақ жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын суаруға деген жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырады.
- Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.
- Ортақ су пайдалану кезінде су объектілерін пайдалану, су объектісінің ажырамас бөлігі болып табылатын жария су сервитутты шенберінде жүзеге асырылады.

2 тарау. Ортақ су пайдалану тәртібі

- Жеке тұлғалардың ортақ су пайдалану құқығын іске асыруы үшін жергілікті атқарушы органдар:
 - су объектілеріне кедергісіз кіруді қамтамасыз етеді;
 - ортақ су пайдалану су объектілерінде жаппай демалуға, туризмге және спортқа арналған орындарды айқындайды;
 - әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін балық шаруашылығы су объектілерінің және (немесе) учаскелерінің және іргелес жағалау белдеуінің учаскелерін айқындайды;
 - халықты ортақ су пайдаланудың белгіленген шектеулері мен тыйымдары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.
- су объектісіне тікелей қолжетімділік болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 69-бабына сәйкес жария сервитут орнатады.
- Шектеулер немесе тыйымдар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында жариялануға жатады және су объектілерінің жағалауларында арнайы ақпараттық белгілер орнату арқылы танысуға қолжетімді болуы тиіс.
- Ауыл шаруашылығы жануарларын суару үшін су объектілерін пайдалану санитарлық қорғау аймағынан тыс жерде және суару алаңдары мен су объектілерін ластау мен кірлетудің алдын алатын басқа да құралдар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.
- Балық шаруашылығы су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулау жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, аталмыш су объектісінде көл-тауар шаруашылығын жүргізу құқығы берілген тұлғаларға ұйымдастырылады.
- Ортақ су пайдалану су объектілерін пайдалану кезінде мыналарға жол берілмейді:
 - су объектілеріне жеке тұлғалардың қолжетімділігін шектейтін қоршауларды, шлагбаумдарды, тыйым салатын белгілерді және басқа да құралдарды өздігінен орнату;
 - су объектілерін ластау және кірлету;
 - шомылуга арналған жерлерде көлікті жуу, киім жуу және жануарларды шомылдыру;
 - арнайы ақпараттық белгілер орнатылған, ескерту немесе тыйым салу жазулары бар жерлерде шомылу;
 - арнайы ақпараттық белгілерді өздігінен алып тастау, зақымдау немесе жою;
 - жанармай және майлау материалдарын сактау;
 - көлікті жанармаймен қамтамасыз ету, жуу және жөндеу жұмыстарын жүргізу;
 - су объектілерінде және олардың жанында кәмелетке толмаған балаларды ересектерсіз қалдыру.

Қызылорда облыстық мәслихатының
2025 жылғы «__» _____
№__ шешіміне 2- қосымша

Қызылорда облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуга тыйым салынған жерлер

№	Су объектісінің атауы	Су объектісінің немесе учаскесінің орналасқан жері	Су объектілеріндегі орындар (ендік пен бойлық координаттары)		Координаттар арасындағы қашықтық	Ортақ суды пайдалануды шектеу
			Координат тың басталуы	Координат тың аяқталуы		
Қызылорда қаласы						
1		«КОПЭС» саяжай аймағы тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	44.75728 °C 65.55432 °B	44.76181 °C 65.57808 °B	3000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
2		Тасбөгет кентіндегі Қызылорда су торабынан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» магистралды тас жолының 1815+700 шақырымындағы көпірне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	44.763511 °C 65.536711 °B	44.759696 °C 65.582654 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
3		«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» магистралды тас жолының 1815+700 шақырымындағы көпірнен Тасбөгет кентіндегі су тазалау станциясына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	44.77536 °C 65.53862 °B	44.77850 °C 65.54422 °B	500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
4		«Арай» шағын ауданы тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	44.79824 °C 65.49461 °B	44.81327 °C 65.49522 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
5	Сырдария өзені	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	44.82216 °C 65.49609 °B	44.82950 °C 65.49583 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
6		«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті жанындағы автокөлік көпірінен 3-ші ірілендірілген кварталға дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	44.84668 °C 65.45633 °B	44.85748 °C 65.45318 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
7		«Мерей» шағын ауданы тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	44.83939 °C 65.46196 °B	44.85463 °C 65.45686 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
8		Т. Рыскулов пен М. Саламатов көшелерінің қиылысында Тәуелсіздік көшесіне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	44.86466 °C 65.43121 °B	44.87498 °C 65.42050 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
9		Тәуелсіздік көшесінен «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	44.75704 °C 65.55396 °B	44.76339 °C 65.56381 °B	900 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
10		«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынан «Ягодка» саяжай аймағына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	44.85588 °C 65.45591 °B	44.87241 °C 65.42155 °B	3000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
11	Сол жаға магистралды каналы (Шіркейлі каналы)	Қызылорда су торабынан «Наурыз» шағын ауданына дейінгі каналдың екі жақ жағалауы	44.76328 °C 65.53466 °B	44.78795 °C 65.46693 °B	5000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
12	Оң жаға магистралды каналы	Тасбөгет кентінен «Қарауылтөбе» елді мекеніне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы	44.81208 °C 65.57787 °B	44.76443 °C 65.53765 °B	4000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды

13		«Белкөл» кентіндегі көне көпірден Абай елді мекенінің көпіріне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы	44.76016 °C 65.57142 °B	44.74955 °C 65.58967 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырыл майды
14		Байқадам су торабынан «Қарауылтөбе» және Досан елді мекендеріне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы	44.87961 °C 65.54675 °B	44.90125 °C 65.56364 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
15	Қалғандария көлі	«ПМК-29» саяжай аймағы тұсындағы көлдің жағалауы	44.72473 °C 65.62443 °B	44.71528 °C 65.68856 °B	2500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
16	Жаңадария каналы	«ПМК-66» саяжай аймағынан «Тепловик» бау-бақша кооперативіне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы	44.72634 °C 65.55215 °B	44.71006 °C 65.53572 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
Арал ауданы						
17		Қызылжар елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	46.002455 °C 61.757992 °B	46.023311 °C 61.750837 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
18	Сырдария өзені	Аманөткел елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	46.113488 °C 61.508567 °B	46.097736 °C 61.543048 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
19		Хан елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	46.0652 °C 61.3000 °B	46.0550 °C 61.2957 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
20		Аққұлақ елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	46.0421 °C 61.2057 °B	46.0401 °C 61.2019 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
21		Ақлақ су торабының екі жақ беті	46.107557 °C 60.865016 °B	46.163418 °C 60.882022 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
22	Қамыстыбас көлі	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Қамыстыбас балық питомнігі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тұсындағы учаске	46.0904 °C 61.4523 °B	46.0903 °C 61.4521 °B	500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
23		«Кәрібөгет» көпірінің тұсында	46.0923 °C 61.3752 °B	46.0930 °C 61.3750 °B	100 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
24	Кіші Арал теңізі	Көкарал су бөгетінің екі жақ беті	46.111516 °C 60.782033 °B	46.365042 °C 60.792710 °B	2500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
Қазалы ауданы						
25		Байқожа елді мекенінен Ақсуат елді мекеніне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	45.723723 °C 62.941489 °B	45.728989 °C 62.925936 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
26		Ақсуат елді мекенінен Майлыбас теміржол станциясына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	45.812889 °C 62.617268 °B	45.821383 °C 62.610500 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
27		Басықара су торабының жоғары су деңгейін өлшеу бекетінен төменгі су деңгейін өлшеу бекетіне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	45.760213 °C 62.330145 °B	45.752806 °C 62.295098 °B	800 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
28	Сырдария өзені	Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан Абай елді мекенінің қалқымалы көпіріне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	45.741510 °C 62.131177 °B	45.740309 °C 62.104341 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
29	Оң жаға магистралды каналы	Қарлан көпірінен Бірлік елді мекеніне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	45.658944 °C 61.942505 °B	45.686886 °C 61.896273 °B	3000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
30		«Досқали» учаскесінен Әлсейіт қалқымалы көпіріне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы	45.775360 °C 61.692116 °B	45.783429 °C 61.678272 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
31	Оң жаға магистралды каналы	Басықара елді мекенінен Қазалы қаласына дейінгі каналдың екі жақ жағалауы	45.760575 °C 62.316547 °B	45.758303 °C 62.311567 °B	600 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
32		Қазалы қаласы тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы	45.776924 °C 62.077437 °B	45.776764 °C 62.075111 °B	300 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
33	Мариямкөл көлі	Тасарық елді мекені тұсындағы көлдің жағалауы	45.511110 °C 61.996221 °B	45.505053 °C 61.928375 °B	7000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
34		Кәукей елді мекені тұсындағы көлдің жағалауы	45.387871 °C 61.803238 °B	45.373457 °C 61.790594 °B	1200 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
Қармақшы ауданы						
35		Дүр Оңғар елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.256639 °C 64.249364 °B	45.279768 °C 64.230549 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
36		Абыла елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.360528 °C 64.203845 °B	45.392994 °C 64.199627 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
37	Сырдария өзені	Сырдария өзенінің Қараөзек арнасына қосылған тұсынан «Шымкент-Самара» автокөлік көпіріне дейін	45.47454 °C 64.09183 °B	45.46932 °C 64.06467 °B	3000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
38		Қорқыт станциясының тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.591389 °C 63.923217 °B	45.623972 °C 63.908520 °B	2500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
39		Ақай елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.59537 °C 63.28597 °B	45.59747 °C 63.25350 °B	200 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
40		«Тастақ» учаскесінің тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.69902 °C 63.02702 °B	45.70133 °C 63.00049 °B	200 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
41	Қараөзек арнасы	«Шығыс» каналынан Сырдария өзенінің Қараөзек арнасына қосылған тұсына дейін	45.48049 °C 64.11472 °B	45.47454 °C 64.09183 °B	4000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
Жалағаш ауданы						
42	Қараөзек арнасы	Есет батыр елді мекенінен Жаңадария елді мекеніне дейінгі арнаның екі жақ жағалауы	44.77878 °C 64.62346 °B	44.77891 °C 64.62799 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
43	Сол жаға магистрал ды каналы (Шіркейлi)	«Жалағаш-Бұқарбай батыр» автокөлік жолы көпірінің тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы	45.02736 °C 64.64077 °B	45.02728 °C 64.64089 °B	2500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
44	Сырдария өзені	«Жалағаш-Бұқарбай батыр» автокөлік жолы көпірінің тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.04856 °C 64.65245 °B	45.04836 °C 64.65082 °B	2500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
45	Елтай каналы	Жалағаш кенті тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы	45.06162 °C 64.65609 °B	45.06160 °C 64.65625 °B	2500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
46	Коммунизм каналы	Ақсу елді мекені тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы	45.05505 °C 64.69816 °B	45.05481 °C 64.69867 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
47	Ірпек көлі	М.Поменов елді мекені тұсында	45.120911 °C 64.497219 °B	45.120988 °C 64.497082 °B	1500 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
Сырдария ауданы						
48	Сасық көлі	Жетікөл елді мекені тұсындағы учаске	44.62684 °C 65.57019 °B	44.62750 °C 65.56069 °B	500 метр	Шомылу жүзеге асырыл майды
49	Әйтек каналы	Әйтек су торабының тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы	45.04173 °C 64.97871 °B	45.04448 °C 64.99058 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
50	Сол жаға магистрал ды каналы (Шіркейлi)	Шаған елді мекені тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы	44.89232 °C 64.96722 °B	44.89626 °C 64.95354 °B	1200 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
51	Қараөзек арнасы	№ 10 разьезд тұсындағы арнаның екі жақ жағалауы	44.98768 °C 65.27107 °B	44.98600 °C 65.26705 °B	500 метр	Шомылу жүзеге асырыл майды
52	Қалғандария көлі	Теренөзек кенті тұсында	45.02704 °C 64.98713 °B	45.02940 °C 64.97911 °B	800 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
53	Сырдария өзені	Теренөзек кентінің көпірі тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	45.01732 °C 64.98941 °B	45.01559 °C 64.98302 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
Шіелі ауданы						
54		Жөлек елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	44.2996969 °C 66.4406679 °B	44.2862166 °C 66.4212672 °B	1800 метр	Шомылу жүзеге асырыл майды
55	Сырдария өзені	Бұланбай бауы елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	43.9176395 °C 66.6102073 °B	43.8943015 °C 66.6152660 °B	2000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
56		Ботай елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	44.3437265 °C 66.2137949 °B	44.3530372 °C 66.1905562 °B	1300 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
57	Р - 7 каналы	Быдайкөл елді мекенінің тұсында	44.1535049 °C 66.7393209 °B	44.1314809 °C 66.7451709 °B	3100 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
58	Ханқожа көлі	Бәйгекұм елді мекені	44.3060025 °C 66.5012387 °B	44.3233758 °C 66.4669673 °B	2700 метр	Шомылу жүзеге асырыл майды
Жанақорған ауданы						
59	К-1 каналы	Өзтент елді мекенінің тұсында	43.747898 °C 67.245869 °B	43.747369 °C 67.244060 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
60	Сырдария өзені	Жанақорған кентінің қалқымалы көпірі тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы	43.86476 °C 67.20209 °B	43.86662 °C 67.20209 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
61	Тайпақкөл каналы	Жанақорған кенті	43.87797 °C 67.24763 °B	44.88705 °C 67.23963 °B	1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
62	«Проток Левый» каналы	Жанақорған кенті	43.88576 °C 67.22705 °B	43.90898 °C 67.22795 °B	3000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
63	Сунаката каналы	Төменарық елді мекенінің тұсында	44.01756 °C 67.02686 °B	44.03209 °C 67.00165 °B	3000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды

Шиелі ауданында жиырма жылға жуық қызмет жасап, елді тануыма, өмірлік көзқарасымды қалыптастыруға себеп болып, негіз қалаған Орынбасар Биімбетұлы Бәйімбетов десем, артық айтқандық емес. Он жыл бірге аудандық партия комитетінің бюро мүшесі әрі аудандық атқару комитетінің мүшесі ретінде жұмыс істедім. Сәл шегініс жасауға тура келеді. 1970 жылдың мамыр айынан бастап облыстық комсомол комитетінің насихат және мәдени-көпшілік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасадым. Бұл ретте облыстық партия комитетінің де қосымша тапсырмаларын орындауға тура келеді. Ол кезде партия тапсырмасымен елге бару, тұрғындармен пікір алмасу, саяси ахуалға баға беру, одан тиісті қорытынды шығарып басшылыққа жеткізу жауапты міндет болатын.

Біздің бұл ауданға келу қарсаңымызда аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ғафур Мұхамеджанов көрші Жаңақорғанға осындай қызметке ауысыпты. Аудандағы саяси да, қарапайым да ортаның әңгіме төркіні енді кім бірінші басшы болатынының айналасында еді. Бұл қызметке қырық жастағы жігіт, Социалистік Еңбек ері, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, көпсалалы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып істеген, бұл қызметтердің алдында Жаңақорған ауданында бас мал дәрігері, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Сырдария ауданының «1 Май» совхозының директоры қызметін абыройлы атқарған Орынбасар Бәйімбетов келейін деп жатыр деген әңгіменің үстінен түстік. Өмір мектебінің барлық сатысынан өткен, елге танымал тұлға болып қалыптасып үлгерген, Сыр бойының, республикалық деңгейдегі саяси ортаның белсенді мүшесі бола білген кадр деген ойда болғанымыз шындық. Міне, осы уақыттан бастап Шиелі ауданына менің былайғы өмір жолымның тікелей байланыста болатынын ол кезде айқын ажырата алмағаным рас. 1973 жылдың 1 желтоқсаны күні аудандық комсомол конференциясында мені бірінші секретарьлыққа сайлады. Мұндай шешімді сол конференция алдында

/// ОРЫНБАСАР БӘЙІМБЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ



Көңілден
көшпес
кемелдік

ландық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде дамылсыз жұмыс істеу, іздену кезеңі басталды.

О.Бәйімбетов алғашқы күннен ауданның ауыл шаруашылығы саласымен жете танысуға зор мүмкіндік жасады. Әуелі Сырдария совхозында партиялық тапсырма – аудандық партия комитетінің бюро мүшесі ретінде өкілдік қызметке кесты. Совхоз директоры облысқа белгілі азамат Әбубәкір Теміров ағамыз еді. Өмірдің ащы-тұщысын көрген, басшылық қызметтерде болған, Жаңақорған аудандық партия комитетінің екінші секретары болып жұмыс жасаған. Орекен ол кісіні жақсы сыйлайды әрі түсіністікпен бір-біріне қарайтынын сеземін.

Енді бірде Қазақстанның 30 жылдығы совхозының директоры Өмірхан Жәрімбетов ағамен жұмыс істеуге тапсырма беріліп жатты. Әрбір берілген тапсырманы мұлтіксіз орындауға талпыныс жасаймын әрі шаруашылықтардың жетістіктері мен оқылдықтарын да боямасыз баяндаймын. Бұл жерде өсек, әңгіме айту емес, мәселені шешуге қатысты келелі ойлар қозғалатын-ды. Орекен



білдім. Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы С.Танекеевтің тапсырмасына сәйкес ауданда қалыптасқан жағдайдан шығу мақсатында осындай ұйғарым болыпты. Сол уақыттан бастап Орекенмен бірге ау-

болса мұқият тындап, мәселелерді шешуді шұғыл түрде жауапты мекеме басшыларына жеткізетін. Уақыт өтіп жатты. Комсомол қызметіндегі жасымыз да шектеулі шекке келді. Байқаймын, басқа жакка жібергісі жоқ.

Облыстық партия комитетімен де ақылдасып жүргенін сеземін. Сонымен не керек, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушылыққа бекітті. Орекеннің талапшылығы ерекше болатын. Шаруаның қыр-сырын жетік біледі, жалықпай шаруашылық аралайды. Ол кісінің алдында есеп беретін әрбір шаруашылық басшысы үлкен дайындықпен келуге тырысатын.

Жаналық атаулыны қолдау Орекен тән қасиет еді. Бірде ауданның бірінші басшысына келіп өз ойымды айттым. Атақты диканды данкқа бөлеген «Қызылту» колхозының қазіргі «Ыбырай түбегі» деген жерге неге ескерткіш орнатпаса деп ұсыныс айттым. Атақ осы ойды бір кездері Сұлтан Аманов та айтқан, демек ойға алған екенсің, бастаған істі аяғына дейін жеткіз деп мақұлдады. Барлық іс онынан туып, қара жерге ескерткіш орнату идеясы осылай туған еді.

Бұл жылдар аудан экономикасында үлкен серпіліс кезеңі еді. Сыр бойындағы күріш дақылдың атын шығарып, «Жақаевшылар қозғалысының» отаны болған, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың елінде әлі де инженерлік жүйеге келтірілген егістік жер көлемі аз-ды. Бұл салада үлкен «өндірістік шабуыл» басталды десе де болады. «Главриссовхозстрой» тресінің техникалары Шиеліге бет бұрды. Бұл, әрине, кеш те болса облыс басшысының аудан басшылығының ұсыныстарына сергектікпен қарағанының белгісі еді. Мал шаруашылығында мамандандыру процесі басталды. Жаңадан үш совхоз ұйымдастырылды. «Төңкеріс», «Коммунизм» колхоздарының қой фермаларының негізінде «Еңбекші» совхозы, Ленин атындағы, «Қызылту» колхоздарының қой фермаларының негізінде «Телікөл» совхозы, «Авангард», «Гигант» колхоздарының қой, жылқы фермаларының негізінде Қызылқұм қойнауын игеру мақсатында атақты жазушы, «Мың бір түнді» бірінші рет парсы тілінен аударушы Қалмахан Әбдіқадровтың отаны Қарғалыда совхоз ашылды.

Ірі қара цехтары қалыптасып, негізінен күріш өсіретін алты шаруашылыққа ұйымдастырылып, бүкіл қой шаруашылығымен айналысатын орталықтарда мал бордақылау комплекстері салынды. Қаракөл өндірудің кешенді жоспары жасалды, мал шаруашылығын жүргізудің ғылымға негізделген шаралары жүзеге аса

бастады. Бәйгекүм аумағында көк-өніс-бақша өнімдерін өндірумен айналысатын арнайы «Бәйгекүм» совхозы құрылды. «Шиелі» Жеміс-жидек» совхозының жұмысы бір жүйеге келтірілді. «Жансейіт» елді – мекенінде аудандық мал бордақылау арнайы бірлестігі ашылып, мемлекетке ет дайындап өткізу жұмысы жолға қойылды. Ауданда республикалық Ы.Жақаев атындағы күріш өсірудің тәжірибе алмасу мектебі өз жұмысын одан әрі жалғастырды.

Осылайша аудан біртұтас ауыл шаруашылығы комплексіне айналды. Тынымсыз жұмыс істеу, уақыттың қалай өтіп жатқанына да назар аудармаған екенбіз. Ауданда шаруашылықтарды басқарудың жаңа мектебі қалыптасқандай болды. Әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөлінді. Аудан орталығында аурухана құрылысы басталып, пайдалануға берілді. «Авангард», «Сырдария», «Қазақстанның 30 жылдығы» совхозының орталықтарында мектептер салынып, Шиелі кентінің орталығында балабақша құрылысы аяқталып, іске қосылды. «Коммунизм», «Гигант» колхоздарында мәдениет үйлері салынды. Осы жұмыстардың барлығы дерлік Орынбасар Биімбетұлының басшылығымен атқарылды. Бұл алып механизмді іске қосу, оның тетіктерін басқарудың кілті кімнің қолында екеніне тікелей байланысты еді. Ауылшаруашылық өндірісінің майталмандары Ануарбек Сапақов, Бәкір Токбаулин, Өмірхан Жарымбетов, Рахмет Нүрекеев, Әбубәкір Теміров, Жағыпар Рысмановтардың еңбектері жоғары бағаланып, зейнеткерлікке шығарылса, олардың орындарына жаңа ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандары жіберілді. Ленин атындағы колхозға төраға болып Төлес Аппазов, «Коммунизм» колхозына Жолдыбай Ақмолдаев, «Төңкеріс» колхозына Нағымтө Қозайдаров, «Гигант» колхозына Сәдуахас Рсымбетов, «Қызылту» колхозына Қазыбек Оспанов, «Шиелі жеміс-жидек» совхозына Мұхит Исмаилов, «Авангард» совхозына К.Хван, «Сырдария» совхозына Ыдырыс Оразов, Оразбек Молдабеков, Тәжіков Каналбек, «Телікөл» совхозына Жұмат Бактыоразов, «Қарғалы» совхозына Емел Бәкіров, «Еңбекшіге» Үгілмәлік Мырзахметов, Жамалхан Баєтов, «Қазақстанның 30 жылдығы» совхозына Жаксылық Ахметов, «Бәйгекүм» совхозына Кийкбай Исмаи-

лов жіберілді. Ал Ленин атындағы колхозды он сегіз жыл басқарған Әзімхан Исмаилов Шиелі аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағалығына ұсынылып, абыройлы қызмет атқарғанын білеміз. Аудан кадрларын іріктеу, орналастыру, басшылық қызметке тағайындау ретімен жүргізіліп жатқанына да куәгермін. Аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып Жалағаш ауданынан Қален Әбдешев келсе, аудандық атқару комитетінің орынбасарлығына Бибіжан Жәукебаева ұсынылып, аудандық атқару комитетінің бірінші орынбасары болып Махаш Пірмаханов тағайындалды. Жағыпар Зермұхамедов аудандық білім бөлімінің меңгерушілігіне бекітілді. Партия, кеңес қызметінің майталманы, Отан соғысының ардагері Мәлібек Санаубаев ағамыз, Қалдыбек Сүгірбаев, Меңлібай Кенжебаев, Үгілмәлік Мырзахметов, Ақылбек Сматав аудандық комитеттің бөлім меңгерушілері болып бекітілсе, Жиенбек Молдабеков аудандық мәдениет бөлімін басқаруға жіберілді. Аудандық партия комитетінің нұсқаушылары колхоз-совхоз партия комитеттерінің хатшылығына жіберіліп, аппарат толығымен жаңа жас кадрлармен жасакталды.

Уақыт талабына сәйкес көптеген кадрдың орын ауыстырулары үздіксіз жүргізілді. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрге сай кадрлар басқа аудандарға қызмет бабымен ауысып жатты.

Аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқарған Жолдасбек Ерлешбаев Қазалы аудандық атқару комитетінің төрағалығына ұсынылса, «Қазақстанның 30 жылдығы» совхозының директоры болған Ибаш Байхожин облыстық «Риссовхозстрой» тресіне қарасты совхоздар басқармасына басшылық қызметке ұсынылып, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Николай Ким Қызылорда қаласындағы еткомбинатына директор болып тағайындалды. «Қызылту» колхозының бас агрономы Сейілбек Асқаров Теренөзек ауданының «XXI партсъез» совхозына директорлыққа ұсынылды. Ондай ұсыныс өзімізге де келді. Мұның барлығы Орынбасар Биімбетұлының келісімімен, қамқорлығымен болып жатқаны айдан анық. Шиелі ауданында жиырма жылға жуық қызмет атқарып, он жыл Орекенмен бірге аудандық партия комитетінің бюро мүшелері ретінде әріптес болғанымызды мақтан ету артық емес әрі сенімнен шығу деп ойлаймын.

Орекен Шиелі ауданында атқарған қызметіне лайықты мемлекет тарапынан жоғары мадақтау иесі де атанды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің мүшесі болып сайланды. Өзінің өмір жолында абырой биігіне көтерілген Сыр бойының айтулы тұлғасы болып тарих бетінде қалды. «Жаңақорған ауданының ғасыр адамы» атанды.

Бүгін Орынбасар Биімбетұлы Бәйімбетов туралы естелік жаза отырып, өмір шындығын айтуға талпыныс жасадым. Себебі, бұл қамқорлық жасаған, әрдайым қолдау көрсеткен, елінің мүддесі жолында аянбай қызмет еткен азаматқа ескерткіш ретінде қалдырған ой тұнбасы еді.

Иә, Орекен батыл шешім қабылдайтын, ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы, саяси ұйымдастырушысы бола білген Сыр бойының талантты азаматтарының бірегейі еді...

Сайлаубай ӘБІШОВ,
облыстық «Ұрпақтан-ұрпаққа»
ҚБ төрағасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС «Кетеказған Батыс кен орнын игеру жобасы» жобалық құжаттының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 24.09.2025 жыл сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Абай көшесі, №31 мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде енгізіледі.

Конференция идентификаторы: 896 4554 6477
Кіру коды: 12345
Бастамашы: «ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС, БСН 181140010632

Өкілі: Адранов Азамат Алматович
Байланыстар: тел.: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН 080440002381

Өкілі: Абытов Аллаяр
Байланыстар: тел.: 8(727)391-01-21 (вн. 108), Электрондық пошта / e-mail: Abytov.A@timal.kz

Порталға сілтеме: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері:98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk>. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Компания ТОО «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» проводит общественные слушания по: «Проекту разработки месторождения Кетеказған Западный» с ОВВ.

Слушания состоятся: 24.09.2025 году в 10:00 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, поселок Теренозек, ул.Абая, №31.

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводится в онлайн режиме.

Идентификатор конференция: 896 4554 6477
Код доступа: 12345
Инициатор: ТОО «ТузкольМунайГаз Оперейтинг», БИН 181140010632

Представитель: Адранов Азамат Алматович
Контакты: тел.: 8 (7242) 27-68-68 вн:98-91, Электронный адрес / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Разработчик: ТОО «Timal Consulting Group», БИН080440002381

Представитель: Абытов Аллаяр
Контакты: тел.: 8(727)391-01-21 (вн. 108), Электронный адрес / e-mail: Abytov.A@timal.kz

С материалами проекта можно ознакомиться по ссылке: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>

Дополнительную информацию, относящуюся к проекту можно получить по телефону: 8 (7242) 27-68-68 вн:98-91, а также по электронной почте: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний на Портале, либо УПРиРП.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk.r>. Кызылорда, ул. Бейбарыс Султан, №1, контактный телефон: 8 (7242) 60-53-69

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2025 жылдың 25 тамыз күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу және несие желісінің жылдық пайыздық мөлшерлемесіне қатысты өзгерістерді бекіту туралы.

2. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

«Сыр бойы», «Кызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары»
және аудандық басылымдарға
хабарландыру
орналастырғыңыз
келсе:

70-00-52 телефоны
арқылы байланысуға
болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

ІРГЕЛІ МЕКЕННІҢ ІЛГЕРІ ІСТЕРІ

«Қызылжарма» ауылдық округі – халық саны жағынан қаладағы үлкен елді мекеннің бірі. Айталық, бүгінде ауылдағы халық саны – 9326. Оның ішінде экономикалық белсенді санатында 6455 адам, жұмыссыздық деңгейі 0,3 пайызды құрайды. Қала әкімдігінің баспасөз алаңында өңірдің БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте «Қызылжарма» ауылдық округінің әкімі Ш. Абдрахманов 2025 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.



– Ауылдың жер көлемі – 30 232 гектар. Отбасы саны – 2296, тұрақты жұмысқа орналасқандар –1354, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 1092, зейнеткерлер – 645, жұмыссыздар – 23, тұрмысы төмен отбасылар – 36. Ауыл тұрғындары мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, бірқатар кәсіпкерлік жобалар қолдау тапты.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Жұмыспен қамтудың 2021-2025 жылдарына арналған жол картасы» «Іскер» бағдарламасы аясында 9 млн теңгені құрайтын 2 жоба құжаттарын өткізіп, қаражаттарын алды. Сонымен қатар, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ЖШС арқылы 9 млн теңгені құрайтын 1 жоба қаржыландырылды.

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант (400 АЕК) бойынша 10 жоба жоспарлануда. Ал «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы бүгінгі күні 14 млн теңгені құрайтын 2 жоба қолдау тапты.

Өзге де бағдарламалар аясында 37 млн теңгені құрайтын 6 жоба қаржыландырылып отыр. Сондай-ақ асылтұқымды мал басын өсіру бағытында 2 жоба ұсынылуда. Бұдан бөлек, «Бизнес-Бастау» оқу курсына «Қызылжарма» ауылдық округінен 28 адам оқытылып, сертификат алды, – дейді ауыл әкімі.

Жалпы ауылдық округ бойынша 2025 жылдың 6 айында 494 кәсіпкерлік субъекті тіркелген. Оның ішінде 1 ЖШС, 475 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы және 2 ауылшаруашылық өндірістік кооперативі. Ауыл әкімінің айтуынша, шаруа қожалықтары өз кәсібін әрі қарай дамыту үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы несиелендіру бағытында сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп отырады.

Баяндамада айтылғандай, бюджет және салық базасын ұлғайту бағытында ауылдық округ бойынша 2025 жылдың 6 ай қорытындысымен 125625,9 мың теңге қаржы қаралған болса, оның түгелге дерлігі игеріліп, 99,9 пайызға орындалған. Есепті мерзімде салық түсімдерінің жоспары 29414,0 мың теңгеге бекітіліп, бүгінгі күнге 40951,0 мың теңге болып 139,2 пайызды құрап отыр.

Ауыл әкімі жыл басынан бері қайырымдылық акциялары аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы және жалғызділікті 50-ге жуық отбасыға азық-түліктей көмек берілгенін атап өтті. Сонымен қатар, әлеуметтік жағынан аз қамтылған 98 отбасына атаулы әлеуметтік көмек

тағайындалып, 20 млн теңгеден астам қаржылай қолдау көрсетілген.

– «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» шеңберінде «Қызылжарма» ауылдық округіндегі төрт көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылды. Сондай-ақ елді мекенді абаттандыру мен көгалдандыру бағытында ауылдық округте қарасты көшелер бойына 4 аялдама салынды. Айта кетейік, көшелер бойындағы жарықтандыру бағаналарын күтіп-ұстауға, елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге арнайы қаржы қаралған, мердігер мекемелер тарапынан тұрақты жұмыс жүргізіледі, – дейді Ш.Абдрахманов.

Қаламен іргелес жатқан



«Қызылжарма» ауылы үшін жол қатынасының маңызы ерекше. Осы орайда ауылдық округте қарасты автомобиль жолдарына ағымдағы жөндеу жүргізу үшін 800 мың теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Бұдан бөлек, 5

орталық көше және 7 шағын көшені жөндеуге тендер жарияланып, мердігерлер анықталған.

Ауылдағы ауқымды жаңалықтың бірі – 600 орындық «Жайлы мектеп» бой көтерді. Білім ошағы санаулы күндерден кейін, яғни, жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі. Айта кетсек, қазір ауылда 1200 орындық С.Әлжіков атындағы №144 орта мектеп бар. Онда 3 мыңнан астам бала оқитын. Байқап отырғанымыздай, мектептің сыйымдылығы көтермейді. Сондықтан «Жайлы мектеп» пайдалануға берілсе, ауылдағы түйткілді мәселенің бірі шешімін тапқалы отыр.

Женістің 80 жылдығы аясында ауылдық округтегі «Тағзым» алаңы абаттандырылды. Сонымен қатар,



жергілікті бюджет есебінен орталық көшелерге ағымдағы жөндеу және жол белгілерін орнату, т.б жұмыстар жүргізілді. Бұдан бөлек, құрылыс бөлімі арқылы 3 дана ауызсу ұңғымасының құрылысын жүргізуге облыстық бюджеттен 282,9 млн теңге

жөндеу және жол белгілерін орнату, т.б жұмыстар жүргізілді. Бұдан бөлек, құрылыс бөлімі арқылы 3 дана ауызсу ұңғымасының құрылысын жүргізуге облыстық бюджеттен 282,9 млн теңге



бөлініп, мердігер мекеме – «Бақ-Береке» ЖШС тарапынан құрылыс жұмыстары қолға алынған.

Қалалық құрылыс бөлімі арқылы ауылдың шеткі аймақтары мен ауыл орталығындағы электр желісін тартуды қажет ететін жалпы ұзындығы 50 шақырымды құрайтын 67 көшеге республикалық бюджеттен 350 млн теңге бөлінді. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесімен «Сәт-Сервис» ЖШС жеңімпаз атанып, электр бағаналарын орнату жұмыстары жүргізілуде.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// БАЙҚАУ



«ҚЫЗЫЛОРДА – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛАСЫ»

**Жақсылық Рахматулла атындағы
шығармашылық байқау**

**Облыстық «Сыр бойы» газетінің байырғы бас редакторы,
жазушы-журналист, Қазақстанның Мәдениет қайраткері
Жақсылық Рахматулланьың туғанына 80 жыл толуына орай жас
қаламгерлер арасында «Қызылорда – құндылықтар қаласы»
атты шығармашылық байқау жариялайды.**

Жалпы ереже:

Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Байқаудың үйлестірушісі: «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:

Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлттымыздың «қазақ» атауы қайтарылғанына 100 жыл толуына орай (қаланың тарихы, кешегі және бүгінгі бет-бейнесі, рухани-мәдени дамуы, жастар саясаты, «қазақ» атауын қайтарудағы қайраткерлер еңбегі, т.б) түрлі жанрда жазылған шығармашылық жұмыстар жіберіледі. Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқауға бұрын баспа бетінде жарияланбаған, тек байқау кезеңінде өткен материалдар жіберіледі.

Байқауға 35 жасқа дейінгі талапкерлер қатысады.

Байқау материалдары тиісті БАҚ жетекшілерінің, оқу орындары басшыларының және тәуелсіз жас қаламгерлердің ұсынысы бойынша қабылданады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша материалын 5 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың мазмұны, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, мекен-жайына (байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, эл.пошта syrboyi@yandex.kz) мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

– жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы.

Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2025 жылғы 5 маусым мен 15 қыркүйек аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

2) 2025 жылғы 15-18 қыркүйек аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2025 жылғы 18 қыркүйекте байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі.


Байқау жеңімпаздары Жақсылық Рахматулла ұрпақтары атынан арнайы жүлдемен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

«АДАМ – КЕРУЕН, ӨМІР – ЖОЛ»

Арал аймағының белгілі азаматы Өнес Өуезов өзінің өткен жылдарын ой өлегінен өткізіп, көргені мен көңілге түйген жүрек жазбаларын деректі ғұмырнамалық хикаят етіп шығарып, оқырмандарға ұсыныпты.



Автор кітабында өмір жолының бастауы – ата-анасының қилы-қилы тағдыр тауқыметі мен заман көшіндегі соқпақтарын бүкпесіз баян етеді.

Кітапқа алғы сөз жазған қоғам қайраткері Бығали Қаюпов Арал ауданының құрметті азаматы Өнес Өуезовтің өнегелі өмірі мен еңбек майданындағы ерлігі жайлы сөз сабақтаса, Арал ауданының әкімі, филология ғылымдарының кандидаты Аманжол Онғарбаев «Адам – керуен, өмір – жол» ғұмырбаяндық жинақ жастардың арман-мақсаттарына күш беретін, егемен еліміздің асқақтығын танытатын толымды дүние деп білгендіктен рухани қазынамыздың бір жемісі деп барша оқырманға ұсынар еді» деп жоғары баға береді.

Кітаптағы «Өмірдің жолдары көп мың бұралаң...», «Армандай асыл бала кез», «Көңілден кетпес, жүректен өшпес жылдар», «Аралым – айдын шалқарым», тағы басқа бөлімдегі жазбалардан кереметтей әсер аласыз. Сондай-ақ Өнекенің әр жылдары мерзімді басылымдарда жарияланған түрлі тақырыптағы жазбалары мен «Аралдың айтқыштары» айдарымен берілген татымды сөздер де топтастырылған.

«Адам дүниеге тек келіп, әншейін ғана аттана бермейді. Ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады» деген Баубек Бұлқышев. Ендеше кітап авторы да ұрпақтарына бұл өмірдің ащы мен тұщысын, қуанышы мен ренішін қатар өрбітіп, жақсы естелік-мұра жасап отыр.

Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.